

Құрылғыны орнатпас және пайдаланбас бұрын, төмендегі нұсқауды мұқият оқып шығыңыз. Бұл – ең жақсы нәтижеге қол жеткізудің және пайдаланушы қауіпсіздігін барынша жақсартудың жалғыз жолы.

- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе өнім жасаушысының тұтынушы тәжірибелері қызметі ауыстыруы керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар бақылаусыз орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат кабелін сегіз жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен

пайдаланылмауы керек.

- Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Ыстық сусындардың төгілуіне жол бермес үшін, тамақ пісіру құрал-жабдықтарының (егер болса) саптарын жоғары қаратып, берік орналастыру керек.



Қауіпсіздік!

Мұндай ескертуді елемей электр тоғына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Пайдаланбас бұрын, розетка кернеуінің өнімдегі төлжұжат тақташасында көрсетілген кернеумен сәйкестігін тексеріңіз.
- Тек ең төменгі жүк мөлшері 10 А болатын, жерге дұрыс тұйықталған розеткаларға ғана қосыңыз. (Егер розеткаға құрылғы сымының ашасы сәйкес келмесе, сәйкес түрімен ауыстыру үшін кәсіби біліктілігі бар техникалық маманды шақырыңыз).



Құйып қалу қаупі бар!

Мұндай ескертулерді елемей құйып қалуға әкеп соқтырады.

- Құрылғы пайдаланылу барысында қатты қызады. БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ ЖЕТЕТІН ЖЕРДЕ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ.
- Май ыстық болған кезде шұңғыл қуырғыш ыдысты жылжытпаңыз, себебі ол қатты күйікке себеп болуы мүмкін.
- Құрылғыны жылжыту үшін, арнайы көтеру саптарын пайдаланыңыз. (Ешқашан себеттің сабынан ұстап көтермеңіз). Майдың жеткілікті

деңгейге дейін суығанын тексеріңіз (2 сағаттай күткен соң).

- Қуат кабелін ешқашан шұңғыл қуырғыш орнатылған жерге, балалар ұстауы мүмкін жерге немесе пайдаланушының жолында қалдырмаңыз.
- Қақпақты ашқан кезде, қайнап жатқан майдың буынан және шашырандыларынан аса сақ болыңыз.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей өмірге қауіп төндіретін жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін.

- Құрылғыны беті ыстық заттарға жақын қоймаңыз.
- Шұңғыл қыздырғышты сұйық немесе тоң маймен толтырғаннан кейін ғана іске қосу керек. Ол бос күйінде қыздырылса, оның жұмысын тоқтататын термо қауіпсіздік құрылғысы іске қосылады. Мұндай жағдайда ең жақын жердегі өкілетті қызмет орталығымызбен хабарласыңыз.
- Егер шұңғыл қуырғыштан май ақса, техникалық қызмет орталығымен немесе компаниямыздың уәкілімен хабарласыңыз



Ескеріңіз:

бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді

- Шұңғыл қуырғышты бірінші рет пайдаланбас бұрын, табаны, себетті және қақпақты (сүзгіні алып тастап тұрып) ыстық сумен және ыдыс жуу сұйықтығымен абайлап жуыңыз. Бұл орындалған соң, абайлап кептіріңіз. Жуған соң, мұқият құрғатыңыз. Ыдыстың түбінде қалған суды сүртіп кептіріңіз. Бұл қолдану кезінде ыстық май шашыраудың алдын алады.
- Алғаш рет пайдаланған кезде құрылғыдан «жаңа құрылғы» иісі шықса, бұл – қалыпты нәрсе. Егер мұндай жағдай орын алса, бөлмені желдетіңіз.
- Үйде жасалған немесе өте қышқылды май түрлерін пайдаланбаңыз.

Бұл құрылғы электромагниттік үйлесімділік туралы Еуропалық Одақтың 2004/108/ЕС стандартына және тағам саласында пайдаланылатын материалдар туралы 27/10/2004 жылғы № 1935/2004 Еуропалық ережеге сәйкес.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

- A. Қақпақ
- B. Көру терезесі (кейбір үлгілерде ғана бар)
- C. Сүзгі (кейбір үлгілерде алынбалы болады)
- D. Кесе

- E. Босату түймесі
- F. Термостат көрсеткіші/индикатор шамы
- G. Себет
- H. Тұтқа сырғытпасы
- I. Себет тұтқасы

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

таза салмағы –	2,5 кг
тұтынылатын қуат:	төлқұжат жапсырмасын көріңіз
жиілік:	төлқұжат жапсырмасын көріңіз
көрнеу:	төлқұжат жапсырмасын көріңіз

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

Розеткаға қоспас бұрын, әрқашан ыдыста май бар екеніне көз жеткізіңіз.

Ыдысқа май құйыңыз: ең жоғарғы сыйымдылығы – 2,3 литр (2 кг тоң май).

ЕСКЕРТУ: Май деңгейі әрқашан ыдыстың ішінде көрсетілген ең төменгі және ең жоғарғы белгілер арасында болуы керек. Шұңғыл қуырғыш табада май «тіп» деңгейінен төмен болса, оны ешқашан пайдаланбаңыз, себебі оның салдарынан термо сақтандырғыш ажырауы мүмкін. Оны ауыстыру үшін, уәкілетті қызмет орталығымен хабарласыңыз. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, жақсы сападағы жержаңғақ майын пайдаланыңыз. Егер сұйық емес майды пайдалансаңыз, шағын бөліктерге бөліп, алғашқы бірнеше минутта шұңғыл қуырғыштың сұйықсыз қызуына жол бермеңіз. Тоң май толығымен еріп кеткенше температураны 150°C деңгейіне орнату керек. Одан кейін қажетті температураны орнатуға болады.

ҚҰЫРУДЫ БАСТАУ

Розеткаға қосып, көрсеткішті қажетті температураға бұраныз. Термостат шамы сөнген кезде, себетті (ішіне тағам салынған) майға батырып, қақпағын жабыңыз. Ешқашан шамадан тыс толтырмаңыз (ең көбі – 1 кг жас картоп). Себет майға түсірілгеннен кейін бірден сүзгіден өте ыстық будың едәуір мөлшерінің шығуы және себет тұтқасының жанында су тамшыларының жиналуы – қалыпты жағдай.

ҚҰЫРУДЫ АЯҚТАУ

Орнатылған пісіру уақыты соңына жеткен кезде, себетті көтеріп, тағамның қажетті түске дейін қуырылғанын тексеріңіз. Көру әйнегі бар үлгілерде қақпақты көтеріп жатпай, көру әйнегі арқылы тамақты тексере аласыз. Егер тамақ жеткілікті деңгейге дейін пісірілді

деп ойласаңыз, термостаттың «F» сырғытпасын «0» бағытына «сырт» еткен дыбыс шыққанға дейін жылжыту арқылы құрылғыны өшіріңіз.

Себетті шұңғыл қуырғыштың ішінде көтерілген күйінде қалдыру арқылы артық майды ағызып тастаңыз.

ҚАТЫРЫЛМАҒАН ТАҒАМДЫ ҚУЫРУ

- Қуырылып жатқан тағамды май дұрыс температураға жетпейінше және шам сөнбейінше батыруға болмайды.
- Себетті ешқашан шамадан тыс толтырмаңыз, ол майдың температурасының күрт төмендеуіне және осылайша тағамның майлы емес және біркелкі болып пісуіне себеп болады.
- Тағам жұқа және біркелкі бөліктерге туралғанына көз жеткізіңіз. Егер тамақ тым қалың болса, оның

іші дұрыс піспейді.

- Тамақты сұйық қамырда пісірген кезде, себетті алдымен бос күйінде батырып алыңыз. Одан кейін, орнатылған температураға дейін қызған кезде (шам сөнеді), қамырдың себетке жабысуының алдын алу үшін тамақты ыстық майға тікелей батырыңыз.
- Тағамды сұйық майға немесе тоң майға батырмас бұрын мұқият құрғатыңыз, себебі ылғал тағам піскен соң онша қытырлақ болмайды (әсіресе картоптар). Құрамында суы көп тағамдарды (мысалы, балық, ет, көкөністер) қуырмас бұрын жақсылап тұрып нан қиымдарына немесе ұнға аунату керек. Тағамды майға батырмас бұрын, артық нан қиымдарын немесе ұнды тағамнан міндетті түрде алып тастаңыз.

РЕЦЕПТ		Тағамның ең көп мөлшері (г)	Температурасы (°C)	Уақыты (минут)
ҚЫТЫРЛАҚ КАРТОП	жарты порция	500	190	7-9
	толық порция	1000	190	16-18
БАЛЫҚ	Кальмар	500	160	12-13
	Ірі асшаян құйрықтары	500	160	9-10
	Сардиналар	500	160	12-13
	Камбала	400	160	7-8
ЕТ	Нан қиымына аунатылған бұзау еті котлеті	300	170	8-9
	Тауық еті котлеті	300	180	7-8
	Ет шарлары	500	170	7-8
КӨКӨНІСТЕР	Бөрікгүл	250	150	11-12
	Гүлді қырыққабат	300	160	7-8
	Саңырауқұлақ	300	150	6-7
	Кәді	100	170	7-8
	Кәді	300	1610	11-12

Пісіру уақыттары мен температуралар жуықтап алынған және олар тағам мөлшері мен жеке талғамға сай реттелуі керек.

ҚАТЫРЫЛҒАН ТАҒАМДАРДЫ ҚУЫРУ

Қатырылған тағамдар әдетте мұз қабатымен қапталған күйде болады. Пісіру алдында себетті шайқау арқылы оларды алып тастау керек. Майдың тасуына жол бермес үшін, себетті майға өте баяу сүңгітіңіз.

РЕЦЕПТ		Тағамның ең көп мөлшері (г)	Температурасы (°C)	Уақыты (минут)
ҚЫТЫРЛАҚ КАРТОП		350 (*)	190	6-8
ҚЫТЫРЛАҚ КАРТОП (ең көп мөлшер)		800	190	16-18
КАРТОФЕЛЬ КРОКЕТТЕРІ		500	190	9-11
БАЛЫҚ	Балық еті	300	190	5-6
	Асшаяндар	300	190	5-6
ЕТ	Тауық еті котлеттері	200	190	7-8

Пісіру уақыттары мен температуралар жуықтап алынған және олар тағам мөлшері мен жеке талғамға сай реттелуі керек.

(*) Ең жақсы қуыру нәтижелеріне алуға арналған ұсыныстар.

СҰЙЫҚ НЕМЕСЕ ТОҢ МАЙ ҚАНША УАҚЫТҚА ЖАРАЙДЫ

Оны уақыт өте келе ауыстырып тұру керек. Кез келген шұңғыл қуырғыштағыдай, май бірнеше рет қыздырылған сайын нашарлайды! Тіпті дұрыс пайдаланылса және сүзілсе де, оны тұрақты түрде толығымен ауыстырып отыру керек. 5/8 рет қуырғаннан кейін және мына жағдайларда майды толық ауыстырғаныңыз жөн: Жағымсыз иіс; қуыру барысындағы түтін; май қараяды. Тазаламас немесе күтім көрсетпес бұрын, құрылғыны өшіріп, розеткадан суырыңыз да және суытып қойыңыз. Сұйық немесе тоң майды әрбір қуырған сайын, әсіресе тағамды нан қиымдарына немесе ұнға аунатып қуырған соң сүзіңіз керек. Сұйықтықта қалған бөлшектер күйеді және сұйық не тоң майдың тезірек бұзылуына себеп болады. Майдың жеткілікті суығанын тексеріңіз (екі сағаттай күтіңіз).

ТАЗАЛАУ

Тазалау алдында әрқашан розеткадан суырып отырыңыз. Шұңғыл қуырғышты ешқашан суға батырмаңыз немесе ағып тұрған су астына қоймаңыз. Егер құрылғыға су кіріп кетсе, ол электр тогына түсу қаупін туындатуы мүмкін. Қақпақты ыдыс жуғышта

жууға болмайды. Оны алу үшін, жоғары көтеріңіз. Ыдысты ыстық суда және жуғыш сұйықтықта жуыңыз. Мұқият шайыңыз және құрғатыңыз. Себетті ыдыс жуғышта жууға болмайды. Жабыстырмайтын ыдысы бар үлгілерде сол ыдысты жуу үшін ешқашан ысқыш заттарды немесе жуғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ шүберекпен және бейтарап жуғыш затпен ғана тазалаңыз.

ІІСКЕ ҚАРСЫ СҮЗГІГЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ

Алынбалы сүзгі: уақыт өте келе қақпақтың ішіндегі ііске қарсы сүзгі өз қасиетін жоғалтады. Сондықтан сізге оны қуырудың әрбір 10/15 сеансынан кейін ауыстыру ұсынылады. Оны ауыстыру үшін, пластмасса сүзгі торды алыңыз.

Тұрақты сүзгі: тұрақты сүзгіні ауыстырудың қажеті жоқ, себебі ол қақпақты әдеттегідей жуу барысында тазаланады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОҚЫСҚА ТАСТАУ



Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына сай, бұл құрылғы үй қоқыстарымен бірге емес, қоқыстарды сұрыптау және қайта өңдеу орталығына апарып тастау керек.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз

Үлгі: "

Кернеу: "

Жиілік: "

Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,

Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC